Бекітемін:
Астана қаласы К.Мыңбаев атындағы
№59 МЛ директорының
ТЖЖ орынбасары
_____ Курмангалиев Г.Д.
« 01» қыркүйек, 2026 жыл

Бекітемін:
Астана қаласы К.Мыңбаев атындағы
№59 МЛ директоры:
_____ Султанова Г.А.
«01» қыркүйек, 2026 жыл

Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінің

2026-2027 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары

Әлеуметтік педагог: Кулманова А.К.

Еркембек Ұ.А.

Осы әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі **№ 130 бұйрығы** (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер)* негізінде қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) бір рет әзірленді және оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі мақсаты:	Білім алушыларды тәрбиелеуді, бейімдеуді және әлеуметтендіруді әлеуметтік-педагогикалық, ақпараттық және құқықтық қолдауды қамтамасыз ету	**Негіздеме:** 1. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығының 10-қосымшасы 2. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы 3. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы	
Негізгі кәсіби қызмет	1. Білім алушыларды бейімдеуге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету 2. Білім алушыларды әлеуметтендіруге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету 3. Материалдық көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету		
Қосымша кәсіби қызмет	Оқу-тәрбиелік іс-шараларын іске асыруға қатысу		

Жылдық жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралар «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, «ҚР баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы, Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

№ п/п	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Есеп беру нысаны
I. Сыныптарға, мектептерге әлеуметтік төлқұжат жүргізу				
1	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын жасау (сыныптардың әлеуметтік төлқұжаттары, оқушылардың тізімдері)	Қыркүйек	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	Мектептің әлеуметтік төлқұжаты
II. Бала құқықтарын қорғау бойынша жұмыс				
1	Әлеуметтік қорғауға, қорғаншылыққа, қамқоршылыққа, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өздеріне бекітілген тұрғын үйге, мүлікке және ақшалай қаражатқа құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қорғаншылығын (қамқоршылығын), патронаты мен жеке істерін ресімдеуге мұқтаж оқушыларды анықтау және қолдау.	Жыл бойы	Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагог	Тізімдер, жеке істер
2	Мемлекеттік көмек пен қолдауға мұқтаж барлық санаттағы отбасылар мен балалардың әлеуметтік қорғалмаған санаттарының деректер қорын құру.	Қыркүйек, түзету	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	Тізімдер, жеке істер
3	Жеңілдікпен тамақтануды, жазғы демалысты ұйымдастыру және бақылау, оқушылардың әлеуметтік қорғалмаған санаттарын жаппай оқыту қорынан материалдық көмекпен қамтамасыз ету.	Қыркүйек, жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Тізімдемелер
4	Өмірлік қиын жағдайға тап болған, сондай-ақ балаларының психофизикалық даму ерекшеліктері бар отбасылар бойынша деректер қорын құру.	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	Тізімдер, жеке істер

5	Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушыларды қорғау және жеке жұмыс.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Тіркеу журналы, әңгімелесу хаттамасы, жеке жұмыс жоспары.
6	Қамқоршы күні	Қазан	Әлеуметтік педагог	Ақпараттар
III. Есептің әртүрлі формаларында тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс				
1	Есептің барлық түрлерінде (Мектепішілік есеп және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлім) тұратын оқушылардың деректер қорын қалыптастыру.	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	Тізімдер, жеке істер
2	Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің отырыстарына қатысу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Хаттамалар
3	Мектепішілік есепте және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімде тұратын оқушылардың отбасыларының үй жағдайларын зерттеу	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	ТҰЖ Актісі
IV. Педагогикалық ұжыммен өзара әрекет және сыртқы ұйымдармен өзара әрекет бойынша жұмыс (кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі Комиссия, қорғаншылық және қамқоршылық органдары және т. б.)				
1	Педагогтарға, әкімшілікке әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешу бойынша жеке және топтық кеңес беру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Тіркеу журналы
2	Ерекше педагогикалық назар аударуды қажет ететін оқушылармен жұмыс барысында туындайтын жанжалды жағдайларды шешу үшін мұғалімдермен өзара әрекеттесу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Тіркеу журналы

	Әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешу бойынша сыртқы ұйымдармен бірлескен қызмет	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Ақпараттық анықтамалар, өтінішхаттар
3	Педагогикалық кеңестер мен жиындарда баяндамалар жасау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Ақпараттықанықтама
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
1	Балалардың әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін шешу бойынша ата-аналарға кеңес беру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Тіркеу журналы
2	Мектепішілік есепте және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімде тұрған оқушылардың ата-аналарымен тұрақты өзара әрекетті жүзеге асыру.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Хаттамалар
VI. Диагностикалық-талдамалық қызмет				
1	Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылардың, ХӘОТ, жетім балалардың отбасыларындағы мәдени-тұрмыстық қатынастарды зерттеу (отбасы, қарым-қатынас шеңбері, мүдделері мен қажеттіліктері)	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	ТҰЖ Актісі
2	Оқушылардың, отбасылардың және т.б. жеке мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық диагностика.	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Әлеуметтік педагог	Тәуекел тобындағы оқушылардың тізімдері
3	«Тәуекел тобы» оқушыларының сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамтылуына мониторинг жүргізу	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекілері, Әлеуметтік педагог	Тізімдер
4	Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының есебі	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Есеп беру